





Бекітемін: 
«Талпын» инклюзивті
оңалту балабақшасы
директор Махутова М.Х.
«»  2025 ж.



2025-2026 оқу жылына арналған музыкатерапия
перспективалық жоспары

Музыка маманы: Хабидоллаева А.Б.

Түсінік хат

Перспективалық жоспар психикалық дамуы тежелген 3-6 жастағы балаларға арналған. Перспективалық жоспар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың типтік оқу бағдарламасы негізінде жасалған. Перспективалық жоспар психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық даму сатыларын, жас ерекшеліктерін және диагностиканың нәтижелерін ескере отырып әзірленді. Музыкатерапияның негізгі мақсаты – баланың эмоционалдық жағдайын жақсарту, ішкі белсенділігін арттыру және қоғамға бейімделуін жеңілдету.

Міндеттері:

Музыкатерапия – музыка мен дыбысты қолдану арқылы баланың психоэмоциялық, танымдық, сөйлеу және қозғалыс дағдыларын дамытуға бағытталған түзету-дамыту әдісі. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс барысында музыкатерапия олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жан-жақты қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттер жүзеге асырылады:

1. Эмоционалдық даму міндеті

Музыка арқылы балалардың жағымды эмоцияларын қалыптастыру, мазасыздықты азайту, ішкі күйзелісті жеңілдету және психологиялық жайлылықты қамтамасыз ету.

2. Танымдық қабілеттерді дамыту міндеті

Музыкалық дыбыстарды тыңдау, ажырату және қабылдау арқылы зейін, есте сақтау және ойлау процестерін дамыту.

3. Сөйлеу тілін дамыту міндеті

Ән айту, ырғақпен қайталау, дыбыстарды еліктеу арқылы сөйлеу белсенділігін арттыру және тілдік қорды байыту.

4. Қозғалыс дағдыларын дамыту міндеті

Музыкаға сәйкес қимыл-қозғалыс жасау арқылы жалпы және ұсақ моториканы, координацияны және кеңістікте бағдарлануды жетілдіру.

5. Әлеуметтік бейімдеу міндеті

Топтық музыкалық іс-әрекеттер арқылы балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту, бірлесіп әрекет етуге үйрету және өзара қолдауды қалыптастыру.

6. Шығармашылық қабілетті дамыту міндеті

Музыка арқылы еркін қимылдау, импровизация жасау және өз сезімін шығармашылық жолмен білдіруге мүмкіндік беру. Қорытындылай келе, музыкатерапия ерекше білімді қажет ететін балалардың дамуына кешенді әсер етіп, олардың жеке әлеуетін ашуға және өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Ай атауы	Апта	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші бағыттары	Арнайы ұйымдастырылған түзетуші іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	1- апта	Дыбысты тыңдау	- Дыбысты тыңдау және ажырату - Есту зейінін дамыту - Дыбысқа жауап беру - Қарапайым нұсқауды орындау
	2- апта	Өз атына жауап беру	- Өз атын тану - Ат айтылғанда жауап беру - Есту зейінін дамыту - Қарапайым нұсқауды орындау
	3 апта	Шапалақ соғу	- Қарапайым шапалақты орындау - Ырғақты сезіну - Қимылды қайталау - Есту мен қозғалысты үйлестіру
	4 апта	Музыкамен жүруге үйрену	- Музыкаға сәйкес жүру - “Жүр – тоқта” әрекетін түсіну - Ырғақты сезіну - Қимыл координациясын дамыту
Қазан	1 апта	Шапалақ (ырғақпен)	- Ырғақты сезіну және қайталау - Есту мен қимылды үйлестіру - Зейінді дамыту - Топпен бірге әрекет ету
	2 апта	Қатты және жай дыбыс	- Қатты және жай дыбысты ажырату - Есту зейінін дамыту - Дыбысқа сәйкес қимыл жасау - “Қатты-жай” түсінігін қалыптастыру
	3 апта	Ырғақты қайталау	- Қарапайым ырғақты тыңдау және қайталау - Есту зейінін дамыту - Қимыл мен дыбысты үйлестіру - Есте сақтау қабілетін арттыру
	4 апта	Музыкамен қимыл	- Музыкаға сәйкес қимыл жасау - Қозғалыс координациясын дамыту - Ырғақты сезіну - Эмоцияны қимыл арқылы білдіру

Қараша	1 апта	Музыкалық аспаптар	- Музыкалық аспаптарды тану - Дыбыстарды ажырату - Есту зейінін дамыту - Қарапайым дыбыс шығару дағдыларын қалыптастыру
	2 апта	Дыбысты ажырату	- Өртүрлі дыбыстарды ажырату - Есту зейінін дамыту - Дұрыс реакция беру - Қарапайым дыбыс түрлерін тану
	3 апта	Қай аспап?	- Музыкалық аспап дыбысын тану - Дыбысты ажырату - Есту зейінін дамыту - Қарапайым жауап беру (көрсету/атау)
	4 апта	Қайталау	- Қимылды және дыбысты қайталау - Есту және көру арқылы үйрену - Зейінді дамыту - Нұсқауды орындау дағдысын қалыптастыру
Желтоқсан	1 апта	Музыкамен қозғалу	- Музыкаға сәйкес қозғалу - Ырғақты сезіну - Қимыл координациясын дамыту - “Жүр-тоқта” дағдысын қалыптастыру
	2 апта	Би элементтері	- Қарапайым би элементтерін орындау - Музыка ырғағын сезіну - Қозғалыс координациясын дамыту - Эмоцияны қимыл арқылы білдіру
	3 апта	Әнмен қимыл	- Ән ырғағына сәйкес қимыл жасау - Есту және қозғалысты үйлестіру - Сөзді түсіну және әрекетпен көрсету - Эмоцияны білдіру
	4 апта	Қайталау	- Қимылды және дыбысты қайталау - Зейінді дамыту - Есту-көру координациясын қалыптастыру - Қарапайым нұсқауды орындау

Қаңтар	1 апта	Шапалақпен ырғақ	- Қарапайым ырғақты шапалақпен орындау - Есту зейінін дамыту - Қимылды дәл қайталау - Ырғақ пен қозғалысты үйлестіру
	2 апта	Барабанмен ырғақ	- Барабан дыбысын тыңдау және ажырату - Қарапайым ырғақты қайталау - Есту зейінін дамыту - Қимыл мен дыбысты үйлестіру
	3 апта	Қайталау	- Қарапайым қимыл мен дыбысты қайталау - Есту және көру зейінін дамыту - Нұсқауды орындау дағдысын қалыптастыру - Есте сақтау қабілетін арттыру
	4 апта	Ойын	- Қарапайым ойын ережесін түсіну - Қимыл және есту дағдыларын дамыту - Топпен әрекет ету - Зейін мен есте сақтауды дамыту
Ақпан	1 апта	Музыкамен жүру	- Музыка ырғағына сәйкес жүру - “Жүр–тоқта” сигналын түсіну - Қимыл координациясын дамыту - Зейінді шоғырландыру
	2 апта	«Тоқта–жүр»	- “Жүр” және “Тоқта” сигналын түсіну - Есту зейінін дамыту - Қимылды бақылау және тежей білу - Қарапайым ережені орындау
	3 апта	Қимыл түрлері	- Қимылдың негізгі түрлерін таныстыру - Қозғалысты дұрыс орындау - Еліктеу және қайталау дағдысын дамыту - Зейін мен тепе-теңдікті қалыптастыру
	4 апта	Қайталау	- Қимыл мен дыбысты дәл қайталау - Есту және көру зейінін дамыту - Есте сақтау қабілетін күшейту - Нұсқауды орындау дағдысын қалыптастыру

			- Қимыл арқылы қуаныш сезімін білдіруге мүмкіндік беру
	3 апта	«Топтық ырғақ»	- Музыканың ырғақтық құрылымын сезінуге үйрету - Қарапайым ырғақты қимылдарды (шапалақтау, аяқпен тарсылдату) орындау - Топпен бір мезгілде әрекет ету дағдысын дамыту - Зейін мен есту қабілетін жетілдіру - Қарым-қатынас және бірлескен әрекетті қалыптастыру - Эмоцияны ырғақ арқылы білдіруге мүмкіндік беру
	4 апта	«Бірге ән айтамыз»	- Музыканың ырғақтық құрылымын сезінуге үйрету - Қарапайым ырғақты қимылдарды (шапалақтау, аяқпен тарсылдату) орындау - Топпен бір мезгілде әрекет ету дағдысын дамыту - Зейін мен есту қабілетін жетілдіру - Қарым-қатынас және бірлескен әрекетті қалыптастыру - Эмоцияны ырғақ арқылы білдіруге мүмкіндік беру
Мамыр	1 апта	«Музыкаға реакция»	- Музыканың қарқынын (темпін) ажыратуға үйрету - Дыбысқа сәйкес қимылмен жауап беруді қалыптастыру - Зейін мен есту қабілетін дамыту - Қозғалыс жылдамдығы мен үйлесімділігін жетілдіру - Нұсқауды түсіну және орындау дағдысын қалыптастыру - Эмоциялық жауап беруді дамыту
	2 апта	«Ырғақты қайталау»	- Есту арқылы ырғақты ажыратуға үйрету - Қарапайым ырғақ үлгілерін қайталау дағдысын дамыту - Зейін мен есте сақтауды жетілдіру - Қол моторикасын дамыту (шапалақтау, соғу) - Нұсқауды тындап, дәл орындауға үйрету - Топпен бірлесіп әрекет етуге дағдыландыру
	3 апта	«Қимыл және би»	- Музыка ырғағын сезініп, соған сай қимылдауға үйрету - Қарапайым би қимылдарын (жүру, айналу, қол қимылы) орындау - Қозғалыс координациясын және тепе-теңдікті дамыту - Зейін мен есту қабілетін жетілдіру - Эмоцияны би арқылы білдіруге мүмкіндік беру - Топпен бірге әрекет ету дағдысын қалыптастыру